Метро құрылысының геодезияның негізін қалалық триангуляция мен нивелирлеу пункттері құрайды тоннельдердің учаскелерінің өзара байланысын қамтамасыз ететін 3 және 4 класты қалалық триангуляция пункттерінің дәлдік шектері көтеріліп, қайта анықталады. Ол үшін 3 және 4 класты қалалық триангуляция пункттерінде 2 класты триангуляция программасы бойынша жаңа бақылаулар орындалады және 1-2 класты триангуляция қабырғаларына жалғасатын жүйелерді теңестіреді. Теңестіруден кейін, осы жүйелердің қабырғаларының салыстырмалы қателіктері 1:100000 аспауы тиіс. Триангуляция пункттері аралығында, метро трассасы бойымен 1:25000 – 1:30000 дәлдікпен, негізгі полигонометрия жүрістері орындалады. Бұл полигонометрияның пункттері қалалық центрлерімен бекітіледі. Қабырғаларының орташа ұзындығы 250-300 м. Жүрістердің ұзындығы 3 км аспауы тиіс. Горизонталь бұрыштарының орташа квадраттық қателігі  $3''$  аспауы үшін, жоғарғы дәлдікті оптикалық немесе электрондық теодолитпен өлшенеді. Қабырғаларын өлшеуде сымдар немесе электрондық ұзындық өлшегіштер пайдаланылады. Негізгі полигонометрия пункттерінің, бастапқы пункттерге байланысты анықталу қателіктері, 3 см аспауы керек.



8-сурет Негізгі және жиілету тораптарының схемасы

Бай тарихы бар Алматының қалалық геодезиялық жүйесі Алматы қаласын және оның жан-жағын толығымен қамтиды (8-сурет).


Жергілікті координаталар жүйесі Гипрогор торының негізінде, Бессель эллипсоидының 3° зонасында құрылған. 28 Панфиловшылар паркіндегі шіркеу күмбезінен өтетін меридиан, жергілікті қалалық координаталар жүйесінің бастапқы осьтік меридиан ретінде қабылданған. Салыстырмалы биіктік деңгей ретінде қаланың орташа деңгейінің мәні қабылданған.

Қазіргі уақыттағы қалалық геодезиялық жүйе – 1, 2, 3 және 4 класстардығы мемлекеттік геодезиялық тораптар мен қалалық жиілендіру тораптарынан тұратын күрделі құрылыс. Алғашқы дәлдігі жоғары тораптарды құру 1937 жылы құра бастаған.

Алматы қаласындағы метрополитен құрылысының басты жоспары геодезиялық бөлімінің негізі ретінде 1-ші және 2-ші триангуляциялық тоннельдер торы қабылданды. Жүйеде 13 пункт қамтылған. Тоннель триангуляцияларын қаладағы әрекет етуші триангуляцияларға қосу үшін торға қалалық триангуляцияның 4 пункті қосылды.

1-кесте Қаладағы әрекет етуші триангуляцияларға қосылған триангуляцияның 4 пункті;

Аталуы	X	Y	Класс
Қаратұмсық	-5542,905	-1204,140	1
Боралдай	-6070,927	-11684,145	1
Артур порты	422,440	4063,140	2
Автобекет	1287,130	43,970	4



9-сурет Геодезиялық тірек тораптары

Триангуляциялық желісін жобалау үшін рекогносцировканы жүзеге асырамыз. Басты мақсаты бекітілген триангуляция пункттерінің жергілікті жерде түпкілікті жағдайды таңдау және нақтылау болып табылады

Жергілікті жердегі триангуляция үшбұрыштарының шындары топыраққа салынатын арнайы орталықтармен бекітіледі. Үстінен орталығы белгіленеді пирамидалық мұнара жоғарыда цилиндрі бар.

9-суретте Алматы қаласы метрополитен үшін жасалынған геодезиялық тораптары сұлбасы көрсетілген. Мұндағы қызылы- тау-кен жұмыстарына бөлінген жер болса, сарысы – жер телімі

Біз топырақтың кату тереңдігі 1,7 м аспайтын орталықты таңдаймыз және оны базистік пункттерді қоса алғанда, барлық кластағы триангуляция пункттерінде қабылдаймыз.

Орындалған жұмыстың көлемі 2 - кестеде көрсетілген.

2-кесте Орындалған жұмыс көлемі

Жұмыстың атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі
Қала триангуляция пункттерін тексеру	пункт	4
Тоннель триангуляция пункт тұрғызу	пункт	9
Пункт бұрыштарын өлшеу	пункт	13
Жарықты қашықтықтан өлшеу арқылы екі жақтың ұзындықтарын өлшеу	жақ	34

Үлкен дәлдіктегі қалалық геодезиялық торап мына мәселелерді шешуге арналған:

- топографиялық түсіріс және барлық масштабтағы қала пландарын жаңарту;
- жерге орналастыру, межейлеу, жерлерді түгендеу;
- қала территориясындағы топографиялық-геодезиялық ізденістер;
- құрылыс нысандарын инженерлік-геодезиялық дайындау;
- жердегі навигация және жартылай әуедегі;
- қала территориясындағы жергілікті геодинамикалық табиғи және техногенді құбылыстарды геодезиялық зерттеу.

Құрылған сызықты-бұрышты торының байламы қалалық триангуляция пункттерінде келтіріледі. Қала торларындағы нақтылықтың жетіспеушілігінен қалалық тор пункттері тоннель триангуляцияларының бастапқы негізі болып қабылдана алмайды.

Сондықтан, құрылған тоннель триангуляциясының торы бос деп саналып, одан кейін төмендегі шарттардың сәйкесінше орындалуы үшін масштабтау, бағдарлау және тоннель триангуляциясын қозғау жұмыстары жүргізіледі.

## 2.2 Рекогносцировка және торап пункттерін құру

Пункттің сызықты-бұрышты жүйесін рекогносцировка келесідегідей негізгі шарттарды орындау маңыздылығы қарастырылған: метрополитен жолы бойының жақсы көрінуі, қала триангуляциясымен сенімді байланыс. Қайтадан салынған пункттер ғимараттар үстіне кірпішті баған секілді тұрғызылған, орталығында еріксіз құрылғы орнатылған азфазалы нысаналы цилиндрмен қамтылған.

Жақтың минимальды ұзындығы – 1,9 км. (Аметист – АГТ);

Жақтың максимальды ұзындығы – 7,9 км. (Қаратұмсық – Солтүстік);

Жақтың орташа ұзындығы – 4,5 км.

3-кестеде 1-ші және 2-ші разрядтағы тоннельді триангуляция пункттерінің тізімдері келтірілген.


3-кесте 1-ші және 2-ші разрядтағы тоннель триангуляциясы жүйесінің пункттері

Пункт атауы	Разряд	Қай пунктпен біріктірілген	Пункттің орналасуы Мекен-жайы
АГТ, тип 3	1	Автобекет	Алматы Райымбек
АК 4, тип 1	1	жаңа	Рысқұлов., автокомбинат
Аметист, тип 1	2	Жаңа	Фурманов к., 116
АСПУ, тип 1	2	Жаңа	Абай д., 52
Боралдай, тип 2	1	Боралдай	Солтүстік-батыс пос.
ИГД, тип 1	1	Жаңа	Абай к., 191
Қаратұмсық тип 2	1	Қаратұмсық	Қала трамплинынан 440 метрде, топтырақ карьері
Көк Төбе, тип 1	1	Жаңа	Жоғарғы қабылдау станциясы
Орбита, тип 1	1	Жаңа	Фрунзе к., 28
Артур порты, тип 2	1	Артур порты	мұсылман зиратынан оңтүстікке қарай 1 км
Правда, тип 1	1	Жаңа	6- ықшамаудан, 46
Солтүстік, тип 2	1	Жаңа	Саин к., 2
Бақтар, тип 2	1	-	Саин к., ұжымдық бақтар аймағы
Театр, тип 1	1	Жаңа	Абай даң., М.Әуезов ат. драма театр



### 2.3 Жер астындағы түсірістерді горизонталь қазба және көлбеу оқпан арқылы бағдарлау-бағыт беру жұмыстары

Жер астындағы түсірістерді горизонталь қазба (штольня) және көлбеу оқпан арқылы бағдарлау, жер бетіндегі тірек жүйесінің пункттерінен, немесе жақындату пунктінен жер астындағы түсірістің пункттеріне дейін полигонометриялық түсіріспен орындалады (10-сурет).



10-сурет Жер астындағы және жер бетіндегі түсірістерді көлбеу оқпан арқылы байланыстыру түсірістерінің схемасы

Жер астындағы түсірістерді көлбеу оқпан арқылы бағдарлауда, қажетті құрал-саймандарды, жабдықтарды және өлшеу аспаптарын орнатумен байланысты, әжептеуір қиындықтар туады. Егер оқпанның көлбеулігі  $70^\circ$ , немесе одан артық болатын болса, полигонды құру іс жүзінде мүмкін емес, сондықтан түсірістер тек жер астындағы түсірістерді центрге келтіру үшін ғана орындалады. Мұндай жағдайларда жер астындағы түсірістерді бағдарлауға гироскоптық тәсіл қолданылады.

Жер бетінде оқпанға жақын, мемлекеттік геодезия жүйесінің пункті, негізгі А және жақындату В пункттері орналасқан. Бағдарланатын горизонтта С, D, және Е пункттері орнатылған. Жер бетіндегі В пунктімен жер астындағы С пункттерінің арасында А - В - 1 - 2 - 3(n-2) - С - D теодолиттік түсірісі орындалады, яғни  $\beta_B, \beta_1, \beta_2, \dots, \beta_{n-2}, \beta_C$  бұрыштары,  $l_1, l_2, l_3, \dots, l_n$  ұзындықтары және олардың көлбеуліктері  $d_1, d_2, d_3, \dots, d_n$  өлшенеді. Жұмыстың нәтижесінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін түсіріс,

тура және кері бағытта, екі рет орындалады. Орындалған түсірістің нәтижелерін камералдық өндеп, жер астындағы түсірістің  $CD$  қабырғасының дирекциондық бұрышы  $ACD$  және  $C$  пунктінің координаталары  $x_C$  және  $y_C$  анықталады:

$$\alpha_{CD} = \alpha_{AB} + \beta_B + \beta_1 + \beta_2 + \dots + \beta_{n-2} + \beta_c \pm n180^\circ = \alpha_{AB} + \sum \beta \pm n180^\circ; \quad (6)$$

$$y_C = y_B + s_1 \sin \alpha_1 + s_2 \sin \alpha_2 \dots = y_B + \sum s \sin \alpha; \quad (7)$$

$$x_C = x_B + s_1 \cos \alpha_1 + s_2 \cos \alpha_2 \dots = x_B + \sum s \cos \alpha; \quad (8)$$

Мұндағы,

$$\alpha_1 = \alpha_{AB} + \beta_B \pm 180^\circ;$$


$$\alpha_2 = \alpha_1 + \beta_1 \pm 180^\circ;$$

$$s_1 = l_1 \cos \delta_1; s_2 = l_2 \cos \delta_2;$$

Егер оқпанның тереңдігі айтарлықтай, көлбеулігі аса үлкен болса, онда бағдарлау жұмыстарын орындау қиындау болады. Өйткені көлбеулігі үлкен оқпанда теодолиттерді оқпандағы пункттердің астына орнатуға арнайы текшелер дайындау керек және горизонталь бұрыштарын өлшеу кезінде артқы және алдыңғы пункттердегі тіктеуіштерге көздеуге арналған, дүрбіге кигізетін арнайы призмасы болуы керек.

## 2.4 Жер асты қазбаларын түсіру

Жер астындағы маркшейдерлік түсірістер туралы мәлімет. Жер астындағы объектілердің кеңістіктегі орнын анықтау, оларды планға түсіру, қималарымен профильдерін жасау үшін маркшейдерлік түсірістер жүргізіледі (11-сурет).



11-сурет Қисық сызықты қазбаға бағыт беру

Горизонталь жазықтықта бағыт теодолит арқылы беріледі. Ол үшін жүргізілетін қазбаның дирекциондық бұрышы белгілі болуы керек және жақын

жерде жер асты маркшейдерлік тірек торының немесе түсіру торының пункттері орналасқан болуы тиіс.


Түсіріс объектілеріне күрделі дайындық бөлу, тазалау, бағдарлау және тағы басқа кен қазбалары тау жыныстарының жатыс жағдайлары, тектоникалық бұзылу жарықтықтар, тау - кен соққысының орны, сынама алынған орын және тағы басқа жатады.

Пландық түсірістер ішіндегі ең дұрысы теодолиттік түсіріс. Ол дайындық қазбалары жүргізіліп жатқанда қолданылады. Ал бөлу және тазалау қазбаларын түсіру үшін буссоль рулетка тағы басқа қолданылады.

Биіктік түсірістері геометриялық және тригонометриялық нивелирлеу арқылы жүргізіледі.

Аталған объектілерінің барлығы бірдей дәлдікпен түсірілмейді. Соған байланысты жер асты түсірістерінде әр түрлі аспаптар қолданылады.

Түсірістер жалпыдан жекелікке көшу принципімен жүргізіледі. Яғни, ең алдымен өте жоғарғы дәлдікте тірек пунктерінің, одан кейін жүріс пунктерінің координаталары анықталады да, олардан қажет объекілер түсіріле береді. (12-сурет).




12-сурет Қарама - қарсы қазбаларды түйістіру сұлбасы

#### 2.4.1 Теодолиттік түсірістер.

Жер асты қазбаларындағы теодолиттік жүрістердің ашық, тұйық және байланылмаған жүрістер деген түрлері болады. Бұл жүрістерде бұрыштар Т30 және Тео-080 сияқты теодолиттер арқылы өлшенеді. Ара қашықтықтар болат рулетка немесе ленталар арқылы 1 - мм дейін есеп алып, тура және кері бағытта өлшенеді. Теодолиттік жүрістермен қатар объектілер де толық етіп түсіріледі. Объектілер түсіру ордината тәсілімен жүргізіледі (12-сурет). Теодолиттік 5 және 6 пункттер арасына болат рулетка керіліп, таспа рулетка арқылы  $v_1$ ,  $v_2$  және  $v_3$  перпендикулярлары өлшенеді. Ал, сол ординаталарға дейінгі абсциссалар  $a_1$  және  $a_2$  5 - пункттен бастап 0,1 м дейінгі дәлдікпен, болат рулетка өлшенеді (13-сурет).

Теодолиттік түсірісте полярлық тәсіл де қолданылады. Жүргізілген өлшеу

нәтижелері теодолиттік түсіріс журналына толық етіп жазылады және схемалық суреті сызылады.




13-сурет Теодолиттік жүріс

Сондай - ақ, эскизде қазбаның мөлшері, ұзындығы, ені, биіктігі, кеннің және оны қоршап жатқан жыныстардың геологиялық ерекшеліктері және тағы да басқалары көрсетіледі.

#### 2.4.2. Нивелирлеу.

Геометриялық нивелирлеу. Ортадан жүргізілетін тәсілмен 10 және 20 м сайын пикеттер белгіленіп, рейкадан 1 мм дейінгі дәлдікпен есеп алу арқылы жүргізіледі. Нивелирлеу үшін НЗК, НТ нивелирлері және РН4, РНТ рейкалары қолданылады.

Жер астында жүргізілетін нивелирлеудің жер бетіндегіден өзгешелігі жоқ, дегенмен жер асты нүктелерінің қазбаның төбесінде де, табанында да орналасуына байланысты өсімшені анықтау ерекшеліктері бар (14-сурет).



14-сурет Қазбалардағы геометриялық нивелирлеу

Геометриялық нивелирлеудің жер астында кездесетін 4 түрлері бар:

1. Артқы репер төбеде, ал алдыңғысы қазба табанында орналасса онда

$$h = -(a + b) \quad (9)$$

2. Егер А және Р реперлері қазбағың табанында орналасқан болса, онда биіктік өсімшесі анықталады

$$h = a - b \quad (10)$$

мұндағы,  $h$  - өсімше,  $a$  – артық, ал  $b$  – алдыңғы рейкадан алынған есептер.

3. Керісінше, артық репер жерде, ал алдыңғы репер төбеде орналасқан жағдайда өсімше тең болады.

$$h = a + b \quad (11)$$

4. Егер репердің екеуінде қазба төбесінде бекітілген болса, онда

$$h = b - a \quad (12)$$


#### 2.4.3. Тригонометриялық нивелирлеу.

Тік діңсектіктен есеп алу дәлдігі 30" кем емес теодолиттер арқылы жүргізіледі (15 - сурет). Тригонометриялық нивелирлеу схемасы көрсетілген А және Р реперлері арасындағы өсімшені  $h$  АВ анықтау үшін сол нүктелерден тіктеуіштер түйістіріліп, А-нүтесіне теодолит орнатылады. Арақашықтық  $S$  – р улеткамен 2 рет өлшенеді және екі өлшеу айырмашылығы 3 мм аспауы керек, А нүктесінен теодолиттің вертикаль дөңгелегінің центріне дейінгі биіктік – Р және В нүктесіне көздеу нүктесі V дейінгі биіктік P2 екі реттен рулеткамен 1 мм дәлдікте өлшенеді (15-сурет).

$$h_{A'B'} = S \cdot \sin \cdot v + P2 - P1 \quad (13)$$

Қазба табанындағы реперлері А және В өсімшесі;

$$h_{AK} = S \cdot \sin \cdot v + i2 - i1 \quad (14)$$



15-сурет Қазбаларға тригонометриялық бағыт беру сұлбасы


Өсімше тура және кері бағыттарда екі рет анықталып, екеуінің арифметикалық ортасы алынады. Жүрістегі қате ұзындыққа (S) пропорционал етіліп әр өсімшеге бөлінеді. Репер биіктіктері есептелген соң, көлбеу қазбаның профилі сызылады. Өндірісте жылына кем дегенде бір рет жер асты тасу жолдары нивелирленіп тұрады.

#### 2.4.4 Тау - кен қазбаларына горизонталь жазықтықта бағыт беру.

Горизонталь жазықтықта бағыт теодолит арқылы беріледі. Ол үшін жүргізілетін қазбаның дирекциондық бұрышы белгілі болуы керек және жақын жерде жер асты маркшейдерлік тірек торының немесе түсіру торының пункттері орналасқан болуы тиіс.

Штректен артқа бағыт беру үшін (16-сурет) теодолитті 35 нүктеге орнатып 35 - 36 бағыт бойынша 1 арақашықтығы өлшеніп А нүктесі бекітіледі. Кейін теодолитті А нүктесіне орнатып, А-35 бағытынан басталатын  $\beta$  бұрышы арқылы В - ға бағыт беріледі.

$\beta$  бұрышы арқылы берілген бағыт маркшейдерлік арқылы 5 - 6 м жерге бекітіліп, оған тіктеуіш ілінеді. Одан кейін бұрышы толық есеп алу әдісімен өлшеніп (33) формуласымен есептелген бұрышпен салыстырылады. Егер өлшенген бұрыш есептелген бұрышқа тең болса, онда В нүктесінен А нүктесіне қарай 1,0 – 1,5 м жерге нүктелер бекітіліп оған тіктеуіштер ілінеді. Берілген бағыт көрініп тұру үшін жарық сәуле шығарып тұратын тіктеуіштер қолданылады.



16-сурет Горизонталь жазықтықта бағыт беру

$\beta$  бұрышы мына формула бойынша анықталады

$$\beta = \alpha_{AB} - \alpha_{A-35}, \quad (15)$$



мұнда,  $\alpha_{AB}$  – қазба осының АВ дирекциондық бұрышы;  $\alpha_{A-35}$  – А - 35 бағытының дирекциондық бұрышы .

#### 2.4.5 Тау - кен қазбаларына вертикаль жазықтықта бағыт беру.

Вертикаль жазықтықта қазбаның көлбеу бұрышын, ылдильғын ватерпаспен, бүйірлік және остік реперлер арқылы беріледі. Ватерпас ағаштан жасалған қарапайым рельстерді төсеуге өте қажет құрал. Оның ұзындығы  $l$ , кіші қалыбының биіктігі  $h_2$  арқылы берілген көлбеулікке сәйкес, үлкен қалыбының биіктігі  $h_1$  анықтап отыруға болады.


Көлбеулік мына формуламен анықталады:

$$i = \frac{h_1 - h_2}{l}, \quad (16)$$

бұдан  $h_1$  есептеледі:

$$h_1 = h_2 + il . \quad (17)$$

Жол салу кезінде ватерпасты рельс үстіне қойып, берілген көлбеуге сәйкес ватерпастың забойға қараған жағын көтеріп немесе төмен түсіріп отырады



17-сурет Қазбаларға вертикаль бағыт беру схемасы.

Көлбеу бұрыштары  $5^\circ$  артық қазбаларды жүргізуде теодолит немесе нивелир қолданылады. Теодолит арқылы бағыт беруде, оны белгілі маркшейдерлік нүктеге орнатып, вертикаль дөңгелегіне жобадағы қазбаның көлбеу бұрышы қойылады. Одан кейін көздеу сәулесінің жармасына тіктеуіштер іліп, олардың сәулеменқиылысқан нүктелері белгіленеді (17- сурет).

### **3 Алматы метро құрылысын маркшейдерлік қамтамасыз ету**

#### **3.1 Жер бетіндегі геодезиялық жұмыстарды қазіргі технологиялармен қамтамасыз ету**

Метрополитендегі жүргізілетін геодезиялық жұмыстар негізінен трасса бойында бағыт беру, жер бетіндегі нивелирлеу болып табылады.

Осы аталған жұмысты бұрын жәй техникалық теодолитпен және нивелирмен жүргізген болса, осы күнгі дамыған заманның талабы бойынша, қазіргі заманғы аспапты пайдалану маңызды болып отыр.

Бүгінгі таңда геодезиялық жер серіктік әдісі кеңінен қолданылуда. Еліміздің көптеген қалаларында құрылыс жұмыстары белсенді дамып келеді. Қазақстан Республикасын көркейту, құрылыс жүйесін дамыту мақсатында, еліміздің бірнеше аудандары құрылыс түрлерімен қамтамасыз етілген.


Соған байланысты, қазіргі кезде геодезия ғылымы мен өндірісі үлкен жетістіктерге жетуде. Ғылым мен техниканың даму саласында, бүгінгі таңда, көптеген дәлдігі мен өнімділігі жоғары тахеометр, GPS секілді геодезиялық өлшеу аспаптарының түр-түрі жасалып шығарылуда.

GPS (Global Positioning System – ғаламдық позициялау жүйесі) – геодезиялық негіздерді құрудағы ең тиімді аспап болып табылады. GPS көмегімен орындалған геодезиялық өлшеулер дәлдігі, көпфункционалдығы, жылдамдығы және үнемділігі, тиімділігімен кеңінен тарады. Бұл жұмыстардың орындау әдісінің классикалық геодезиялық өлшеулерден айырмашылығы бар. GPS өлшеуде кейбір арнайы ережелерді сақтаған кезде тиімді нәтижелерді алуға болады.

GPS қабылдағыштарының ең басты ерекшеліктерінің бірі – ауа райының кез келген жағдайларында өлшеу жұмыстарын орындайды. Оптикалық аспаптардың кемшіліктерінің бірі рейка/белгі/шағылдыру құралына дейінгі тікелей көріністің болмағанда жұмысқа жарамсыздығы – GPS үшін ондай қиыншылықтар туындамайды, қабылдағыштармен 10 шақты шақырым аралықта өлшеулер жүргізе беруге болады. Қазіргі қабылдағыштар бір-екі батырмалармен басқарылып жұмыс істеле береді, сондықтан оператордың арнайы дайындығының қажеті жоқ, осы орайда экономикалық үнемділік артып, жеке персоналдардың саны төмендейді (GPS қабылдағыштары бір оператормен жұмыс орындайды).

GPS қабылдағыштармен бірге болатын программалардың көмегімен, өлшеу нәтижелерін өңдеп, алынған геодезиялық жүйелерді теңестіруге және пункт координаталарын келесі тахеометриялық түсірістерге есептеуге болады. GPS көмегімен геодезиялық жұмысты жүргізуде еңбек өнімі жоғарылайды. Нүкте координатасын анықтау кезінде басқа жалпы қолданылатын геодезиялық аспаптарға қарағанда GPS пен сантиметрлік дәлдік деңгейі алынады. GPS-пен геодезиялық жұмысты тәулік бойы істеуге болады, сонымен қатар нүктелер арасы көрінбеген жағдайда жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

GPS әскери және азаматтық пайдаланушылармен қолданылатын және басқарылатын кез келген нүкте орнын анықтайтын жер серіктік навигациялы жүйе (18-сурет). Әрбір жер серігі ерекше сәйкестендіру коды бар радиосигналдар жібереді. Жер серігі бортындағы жоғарғы дәлдікті атом сағаттары сигналдармен кодтардың генерациясын басқарады.



18-сурет GPS жер серіктері

GPS жердегі төрт бекет көмегімен басқарылады, басты бекет және деерктер ағынын басқаратын үш бекет:

- бекеттер Жер серігін үздіксіз бақылап, ақпараттарды басты бекетке (береді) жібереді;
- басты бекет жер серігі атом сағаттарының синхронизация түзетулерін есептеп, ол сонымен қатар орбиталық ақпараттарды түзетеді (спутниктердің эфемеридасы);
- деректер ағынын басқаратын бекет, басты бекеттен алынған деректерді пайдаланып, әрбір жер серігінен жіберілетін ақпараттарды жаңартады.

GPS қабылдағышы бар кез келген тұтынушы GPS сигналдарын пайдалана алады. Алғашқы кездері GPS қабылдағыштары, негізінен, орналасу орны және навигацияны анықтау үшін қолданылды. Қазір GPS қабылдағыштары жер, аспан және теңіздегі әр түрлі тапсырмаларды шеше алады. Әрбір Жер серігі екі ерекше кодты жібереді. Бірінші және ең жай кодтар C/A (дөрекі) кодпен бөлінеді. Екінші код P (дәл) деп бөлінеді.

Бұл кодтармен екі  $L_1$  және  $L_2$  толқындары модульданып C/A және P-кодтарын тасиды, ал  $L_2$  коды P-кодын тасиды.

GPS қабылдағыштары бір және екі жиілікті болып бөлінеді. Бір жиілікті қабылдағыштары  $L_1$  толқынын, ал екінші жиілікті  $L_1$  және  $L_2$  толқындарын қабылдайды.

Геодезиялық GPS өлшеулер үшін төрт немесе оданда көп жер серіктерін бір мезгілде бақылау қажет, кем дегенде, екі GPS қабылдағыштарымен өлшенеді (19-сурет). Бірақ екеуден көп қабылдағыштарды қолдана аласыз. Мысал ретінде базалық және ровер қабылдағыштарын қарастырамыз.



19-сурет Жер серігінің жұмыс жасауы

Базалық қабылдағыш өлшеу жұмыстарының барлық мерзімінде координаталары белгілі геодезиялық пункте орналастырылады. Ровер анықталатын нүктелермен немесе нүктені қағаз бетіне түсіретін процесте қолданылады. Осы екі қабылдағышпен алынған деректерді біріктірудегі нәтижесі, базалық және ровер арасындағы кеңістіктік вектор болып табылады.


Базалыққа қатысты ровердің орналасу жағдайын анықтау үшін әр түрлі өлшеу әдістерін қолдануға болады. Бұл әдістер өлшеуді орындауда ұзақтылығымен ерекшеленеді:

- нақты уақыт аралығында өлшеу үшін радиомодем қолданылып, ол база деректерін роверге жібереді. Ал нәтижелерді тікелей далалық жұмыста аласыз;
- «өңдеуден кейін» өлшеу әдісі далалық жұмыста деректерді жазуды талап етіп, офистік компьютерде өңделеді.

Негізінен, әдістерді таңдау көптеген факторларға байланысты, оларға қабылдағыштың конфигурациясы, қажетті дәлдік, нақты уақыт аралығындағы нәтижелерді алу қажеттілігі және уақыттың шектеулігі жетеді.

Геодезиялық GPS өлшемдер дифференциалдық әдіспен жүргізіледі. Тек осы әдіспен ғана жергілікті жердегі нүкте координаталарын қажет дәлдікпен алу мүмкін. Дифференциалдық әдістің өзі жұмысты орындау технологиясына және нүктені анықтау дәлдігіне байланысты екіге бөлінеді: статикалық және кинематикалық әдістер.

Статикалық әдіс арқылы өлшемдер жасау жоғары дәлдікті береді, бірақ уақыт шығыны көп болады (20-сурет). Қоршаған орта жағдайы мен қажет дәлдікке байланысты, бір пункттегі өлшем 30 минуттан бірнеше сағатқа дейін созылуы мүмкін.



20-сурет Статикалық әдісте өлшем жүргізу

Бұл әдісте барлық GPS қабылдағыштар нүктелерде қозғалыссыз тұрады. Өлшемдердің статикалық әдісі түрлі кластық геодезиялық торларды құруда, жер бетінің тектоникалық қозғалыстарын бақылауда, ғимараттардың іргетасының жағдайын бақылауда қолданылады.

Кинематикалық әдістің дәлдігі статикалыққа қарағанда төмендеуі, бірақ бір пункттегі өлшем уақыты бір минуттан аспайды (21-сурет). Бұл әдісте бір GPS қабылдағыш (базалық) орнында тұрады да, екінші GPS қабылдағыш (ровер) нүктеден нүктеге қозғалып жүреді. Егер екі қабылдағышқа да, базаға да роверге де, радиомодем немесе GSM модем орнатса, онда нақты уақыттағы кинематика режимін (Real Time Kinematics – RTK) қолдану мүмкіншілігі туады. RTK режимінде координаталар дәл өлшеу уақытында үлкен дәлдікпен алынады.

Кинематикада Stop&Go әдісінде төрт немесе одан да көп спутниктердің фазалық өлшеулері жалпы ровер және база үшін қолданылады. Сантиметрлік деңгейдегі дәлдікті елу үшін алдымен өлшеуді инициализациялау қажет. Инициализация әр түрлі тәсілдермен жүргізіледі:

-бір жылдікті қабылдағыштарды қолдану кезінде роверді координаталары белгілі пунктке орнатып, өлшеулерді инициализациялап немесе арнайы штанганы қолданады. Инициализациялауға арналған штанга тұрақты жасанды базалық сызықты құрайды;

-нақты уақытта екі жылдікті қабылдағыштарды қолдану кезінде, анықталатын нүкте немесе координатасы белгілі пункт үстіне роверді орнатады. Егер



ровердің On-The-Fly (OTF) инициализациялау мүмкіндігі болса, антенна жалпы бес жер серігімен байланысып, инициализация ровердің орнын ауыстырғанда жүреді.



21-сурет Кинематикалық әдісте өлшем жүргізу

GPS негізгі жүйесін бес негізгі пунктке бөлуге болады:


- жер серігінің трилатерациясы – жүйе негізі;
- жер серігімен қашықтық өлшеу – жер серігіне дейінгі арақашықтықты өлшеу;
- дәл уақытпен байланыстыру – қабылдағыш пен жер серігінің сағатын сәйкестендіру;
- жер серігінің орналасуы – ғарыштағы жер серіктерінің дәл орналасуын анықтау;
- қателіктерді түзету – тропосфера және ионосферадағы енгізілетін қателерді ескеру.

Тахеометриялық түсіріс жергілікті жердің топографиялық планы вертикаль, горизонталь бұрыштарды және ара қашықтықтарды өлшеу арқылы жасалынады (22-сурет).

«Тахеометрия» гректің «жылдам өлшеу» деген сөзінен алынғаны белгілі, сондықтан түсірістің ең тиімді әрі жедел орындалатын түрі болып есептеледі. Оның жылдам өлшеу деп аталатын себебінің тағы бірі бұл түсірісте өлшенетін шамалардың барлығы нүктеде тұрған рейканы немесе шығылдырғышты аспаптың дүрбісімен бір рет нысаналау, яғни бағытын, ара қашықтығы және биіктік өсімшесін анықтау арқылы алынады.

Демек, тахеометрлік түсірістің мәні аспаптың нысаналау осінің бір жағдайында горизонталь бұрыш  $-\beta$ , вертикаль бұрыш  $-v$  және оптикалық қашықтық өлшеуішпен қашықтық өлшеуішпен ара қашықтықты өлшеу арқылы нүктенің кеңістіктегі координаталарын анықтау.





22-сурет Тахеометриялық түсіріс

Ал менің тәжірибе жұмыстарымдағы жағдайында барлық жұмыс электронды автоматтандырылған аспаптармен жасалғандықтан, мұндай есептеулер мен есеп алулар болмайды, шағылдырғышқа көздеп лазерлі сәуле арқылы есеп аламыз, аспап автоматты түрде есепті жадына жазып отырады.

### **3.2 Метрополитен құрылысындағы маркшейдерлік жұмыстарды қазіргі заманғы аспаптармен қамтамасыз ету ерекшеліктері**

Маркшейдерлік жұмыстар метрополитен құрылыстарында жерасты жұмыстарын жүргізу барысында маңызды болып табылады. Өз уақытымен және сапалы орындалуда маркшейдерлік жұмыстары көбінесе сапасына байланысты, жоғары дәлдікті әдістемелерге қол жеткізеді бақылау басында, сонымен бірге есептеу кезінде, автоматтандырылған жұмыстар тоннельдерде уақытты қысқартуда бұрыш және арақашықтықтарды өлшегенде қолданылады. Метрополитен құрылыс тоннельдерінің процессінде тоннелдің сақиналарын орналастырғаннан кейін әртүрлі жағдайда деформациялар пайда болады.

Сондықтан да, жерасты жұмыстарын жүргізуде тау жынысы қоршалулы массивінің тепе-теңдігінің бұзылу жағдайына әкеледі. Жыныстар кенің нәтижесінде қозғалысқа келеді және жер саяздылығын осымен қатар өнеркәсіптік немесе азаматтық құрылыстар, тау-кен жұмыстары аймағына әсерін тигізсе, әр түрлі деформация түрлерін қабылдауы мүмкін, тіпті кейбір жағдайларда бұзылуы да мүмкін.

Тау-кен геологиялық шарттарға Алматы қаласындағы метрополитен тоннель өтімі транспорттық магистрлардың негізінде, Фурманова және басқада

көшелерде, тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар салынғанда үнемі болып отыратын бақылауды, атап айтайық. Тоннель өтімдерінің қажетсіз салдарын бақылауды қажет етеді. Осы мақсатта метрополитеннің маркшейдрлік қызметі жер асты салу құрылыстарының мүмкін болатын деформация аймағына үнемі бақылау ұйымдастырады.

Метрополитенді жүргізудегі маркшейдерлік-геодезиялық жұмыстар негізінен, Алматы қаласында жауын-шашынның көп болатындығына, жалпы метрополитен құрылысында жылжымалықтан бекіту жұмыстарын арттыру, тоннельде бағыт беру, жербетіндегі және жерастындағы ниверлирлеу болып табылады. Осы жұмыстарды көбінесе дәл оптикалық-механикалық, қарапайым геодезиялық аспаптармен жүргізеді.

Жарықшақтардың қауіпті жылжу аймағының шекарасын ылдильғы, қисықтығы, жарықшақтың созылуы жер беті реперлерін, жер асты қазба жұмыстарының деңгейімен қосатын горизонталь сызықтар белгілейді. Осы құбылыстардың болуының алдын алу үшін, соңғы жылдарда шыққан қазіргі заманғы электронды жабдықтармен өлшеу бақылау өте тиімді болып отыр.

Егер өлшеу және олардың нәтижелерін өңдеуді программалық қамтамасыз ету электронды жабдықтарға негізделген геодезиялық технологиялардың барлық жиынтығын алатын болсақ, жерастындағы маркшейдерлік жұмыстарда негізінен электронды тахеометрлер мен лазерлік сканерлерді пайдалануды ұсынар едік. Себебі, қазіргі заманғы электронды тахеометрлер тек техникалық сипаттамаларымен, конструкциялық ерекшеліктерімен тек техникалық сипаттамаларымен, конструкциялық ерекшеліктерімен ғана ерекшеленбейді, сондай-ақ ол әр түрлі салада қолданылуымен ерекшеленеді. Сондықтан тахеометрлерді арнайы бір тапсырманы шешуге байланысты талдауға болады. Бұл кезде оның дәлдігі мен өлшеу қашықтығы айырықша рөл атқарады.

Жербетінде жүргізілетін геодезиялық жұмыстар негізінен:

- жер бетіндегі нүктелердің координаттарын белгілі бір жүйеде анықтау;
- тау-кен кәсіпорындарын жобалау, салу және пайдалану кезінде қажетті әртүрлі өлшеулерді жер бетінде, жер қойнауында, атмосфера қабатында, теңізде және ғарыш кеңістігінде жүргізу;
- республикамыздың қорғаныс мұқтажының геодезиялық мәліметтермен қамтамасыз ету мәселелері жатады.

Метрополитендегі жүргізілетін геодезиялық жұмыстар негізінен трасса бойында бағыт беру, жер бетіндегі нивелирлеу болып табылады.

Осы аталған жұмысты бұрын жәй техникалық теодолитпен және нивелирмен жүргізген болса, осы күнгі дамыған заманның талабы бойынша, қазіргі заманғы аспапты пайдалану маңызды болып отыр.

Бүгінгі таңда геодезиялық спутниктік методі кеңінен қолданылуда. Еліміздің көптеген қалаларында құрылыс жұмыстары белсенді дамып келеді.

Қазақстан Республикасын көркейту, құрылыс жүйесін дамыту мақсатында, еліміздің бірнеше аудандары құрылыс түрлерімен қамтамасыз етілген.

Ғылым мен техниканың даму саласында, бүгінгі таңда, көптеген дәлдігі мен өнімділігі жоғары геодезиялық өлшеу аспаптары яғни, GPS аспабының түр-түрі жасалып шығарылуда.

Қазіргі заманғы электронды тахеометрлер тек техникалық сипаттамаларымен, конструкциялық ерекшеліктерімен тек техникалық сипаттамаларымен, конструкциялық ерекшеліктерімен ғана ерекшеленбейді, сондай-ақ ол әр түрлі салада қолданылуымен ерекшеленеді. Сондықтан тахеометрлерді арнайы бір тапсырманы шешуге байлансты талдауға болады. Бұл кезде оның дәлдігі мен өлшеу қашықтығы айырықша рөл атқарады.

Электронды тахеометр – жер бетінде горизонталь бұрышты, горизонталь арақашықтықты және өзара биіктікті өлшеуге арналған топографиялық электрондық – оптикалық аспап. Электронды тахеометр құрлымында кодтық теодолит пен шағын жарық қашықтық өлшеуіш біріктірілген. Көздеу нысанасы ретінде шағын габаритті призмалық шағылдырғышы бар арнайы қада қолданылады. Өлшеу процесі автоматтандырылған. Арақашықтықты, горизонталь және вертикаль бағыттарды өлшеу нәтижелері электрондық цифрлы таблода көрінеді және бір мезгілде ақпаратты жинағышта тіркелуі мүмкін. Перфорациялық тіркеудің мәні – далалық өлшеу аспабының мамандандырылған электрондық есептеу машинасымен қосылуында, ол дала өлшеулерінің мәліметтері бойынша автоматты түрде жергілікті жердің түсіру жоспарын сызады.

Метрополитен құрылысына қауіп төндіретін жарықшақтардың шекараларын бақлауға арналған аспаптардың бірі спутниктік бақылау аспаптары. GPS (Global Position System) геодезиялық негіздерді және тірек пунктарын құрудағы ең тиімді аспап болып табылады. GPS көмегімен орындалған геодезиялық өлшеулер дәлдігі, әмбебаптығы, жылдамдығы және үнемділігі, тиімділігімен кеңінен тарады. Бұл жұмыстардың орындау әдісінің классикалық геодезиялық өлшеулерден айырмашылығы, GPS өлшеуде кейбір арнайы ережелерді сақтаған кезде тиімді нәтижелерді алуға болады. GPS қабылдағыштарының ең басты ерекшеліктерінің бірі – ауа райының кез келген жағдайларында өлшеу жұмыстарын орындайды.

Қорта келгенде, аталған аспаптарды қолдану геодезиялық жұмыстарының дәлдігін өнімділігін және метрополитен құрылысының қауіпсіздігін арттырып жұмысын жандандырады.

Геодезиялық пункттердің биіктігін нивелирлеу әдісімен анықтайды. Маркшейдерлік жұмыстарды жүргізгенде шахта оқпанына жақын жерде орналасқан тірек пункттерінің болуы өте қажет, оқпаннан алыстығы 300 м аспауы керек. Нивелирлеу арнайы аспаптың көмегімен пункттер биіктігінің айырмасын, яғни биіктік өсімшесі арқылы пункттердің абсолют биіктіктері  $H$  – есептеледі. Сонымен қатар оптикалық теодолиттер де кеңінен қолданылады (23-сурет )

Өз кезегінде нивелирлеу геометриялық, тригонометриялық, барометрлік, механикалық – барометрлік болып бөлінеді. Тригонометриялық нивелирлеу дегеніміз сәулемен жердегі нүктелердің биіктіктерінің айырмашылықтарын

анықтау тәсілі. Бұл үшін 1 нүктеден екіншіге еңкіш бұрышты –  $\alpha$  , болмаса арақашықтықты өлшеу керек.



23-сурет 4Т30П теодолиті және 4Н-3КЛ нивелирі

Соңғысын есеп арқылы табуға болады. Тригонометриялық нивелирлеу нәтижесінде тік рефракция өте көп. Соның өлшенген тік бұрыштарға және зениттік арақашықтықтарға тиісті түзетулер кіргізу керек. Дәлдігі IV класс нивелирлеу теңдігіне тең. Арақашықтық пен биіктік айырмашылығын шешу жер бетін белгілеуден басталады, яғни бастапқы, соңғы нүктелер бекітіледі.

Рейкалардың биіктік қателігін алдын – ала есептеуді қажет етеді.

Реперлік әр жүрістегі орташа квадраттық қателігі мына формуламен есептелінеді:

$$m_i^2 = \eta^2 \cdot L_i + \delta^2 \cdot L_i^2, \quad (18)$$

Теодолиттік, тахеометрлік және мензулалық түсірістер нетрализация арқылы құрылады. Торлардың тығыздығы түсіріс масштабында, жердің рельефіне тікелей байланысты. Арақашықтықтарды өлшеу қиынға түсетін жерлерде түсіру және кері қиылыстыру әдістері арқылы геодезиялық төртбұрыштар көмегімен, ал ойлы – қырлы, орманды жерлерде түсіру пункттер арқылы анықталады.

Тахеометрлік түсіріс пункттеріне 1, 2, 3, және 4 кластық, пландық және биіктік торлардың пункттері жатады. Планда горизонтальдар әрбір 2.5 м сайын жүргізіледі. Өлшеулер ЗТА5 тахеометрмен жүргізіледі.

Тахеометрлік түсіріс – тахеометр деген аспаппен жүргізіледі. Тахеометр арқылы горизонталь –  $\alpha$ , вертикаль бұрыштар, қашықтықтар және биіктік өсімше анықталады .

Тахеометрлік түсірісте жер бетінің топографиялық планы тік және жазық бұрыштарды, сонымен қатар, арақашықтықтарды өлшеу арқылы салынады.

Электронды тахеометр – жер бетінде горизонталь бұрышты, горизонталь арақашықтықты және өзара биіктікті өлшеуге арналған топографиялық

электрондық – оптикалық аспап(24-сурет). Электронды тахеометр құрлымында кодтық теодолит пен шағын жарық қашықтық өлшеуіш біріктірілген. Көздеу нысанасы ретінде шағын габаритті призмалық шағылдырғышы бар арнайы қада қолданылады. Өлшеу процесі автоматтандырылған. Арақашықтықты, горизонталь және вертикаль бағыттарды өлшеу нәтижелері электрондық цифрлы таблода көрінеді және бір мезгілде ақпаратты жинағышта тіркелуі мүмкін.



24-сурет Электронды тахеометр

Түнде жұмыс істеуге арналған лазерлік жабдығы бар. Цифрлық таблоға берілетін жедел ақпараттың және жадыдағы жинағышқа шығарылуына мүмкіндік бар.

Топографиялық және кадастрлық жұмыстарға, құрылысқа және іздестіруге арналған классикалық электронды тахеометр. Қарапайым қолданылушы интерфейс, енгізілген бағдарламалық қамсыздандыру сіздің жұмысыңызды жеңілдетеді. Берік арақашықтықты және екі визирлік нысана арасындағы превышенияны өлшеу, осы бағыттағы дирекциондық бұрышты анықтау.

Ауданды анықтау – on-line режимінде немесе жадыда сақталған нүктелерді пайдаланып. Кері есеп-әр түрлі жолдармен өлшеулер жүргізу, соның ішінде тек қана бұрыштық. Биіктікті анықтау – қиын берілетін нүкте белгілерін анықтау. Базалық түзу – бастапқы түзуден бұзудың жеке жағдайы. TPS400 сериялы Leica TCR 403, 405 және 407 – шағылдырғышсыз дальномерлі



арақашықтықты өлшеуге арналған аспап. Көрінетін қызыл лазерде кішкене бұрыштық айырмашылық бар – 80 м арақашықтықта лазерлік дақтың көлемі 2x1,5 см-ді құрайды. Дальномермен қоса целеуказатель қолданылады. Лазерлік сәуленің осі визирлік осьпен сәйкес келеді.

Ал лазерлі сканерлер – жер астындағы күрделі адам қолы жетпейтін жерледі түсіруде лазерлі сканер қажетті объектілердің моделінің кеңістіктегі координаталарын тез арада анықтап, түсіруге мүмкіндік берді (25-сурет). Лазерлі сканердің жұмыс істеу принципі электронды тахеометрге ұқсас және түсірілетін объектіге дейінгі аралықтарды өлшеп, нәтижесінде әрбір нүктенің координаталарын анықтауға арналған. Өлшеу жылдамдығы секундына 2000-5000 нүктеге дейін қамтиды.



25-сурет Лазерлі сканер

Негізгі принципі, сәуле таратушыдан лазер шоғыры объекті беткейінен шағылып, қабылдағышқа қайта түседі. Алдын-ала берілген реті бойынша призма айналып лазер шоғырын горизонталь және вертикаль жазықтықта таратады.

Сонымен қатар деформациялық мониторинг жүргізуге тиімді аспаптың бірі. Әр түрлі циклдер деректері бойынша құрылған модельдерді қабаттастыра отырып, іс жүзінде беткейдің кез-келген нүктесінің мәні және жарықшақ бағытын есептейді.

Осы аталған электрондық аспаптар бағыт беру, Соның нәтижесінде метрополитеннің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар жер бетіндегі бақылау жұмыстарын спутниктік-навигациялық тәсілмен бақылау және метрополитен ішін көркемдеуге, қосымша түсіруге лазерлік сканерді пайдалану өзекті мәселелерінің бірі болып отыр

### 3.3 Заманауи аспаптардың метрополитен құрылысын маркшейдерлік жұмыстармен қамтамасыз етудегі тиімділігі

Тау-кен өндірісі кезінде туындайтын көптеген міндеттерді шешу маркшейдерлік жұмыстар кешенін жүргізбей мүмкін емес. Өз кезегінде, сапалы және тиімді маркшейдерлік қамтамасыз етудің кепілі өлшеу нәтижелерін ұсынудың қажетті дәлдігі мен жеделдігін қамтамасыз ететін маркшейдерлік аспаптарды пайдалану болып табылады.

Соңғы онжылдықта маркшейдерлік Аспап жасау айтарлықтай өзгерді. Оның негізгі белгілері келесі фактілерді есептеуге болады:

– дәл және жоғары дәл өлшеулерді орындауға қабілетті аспаптар үлесі айтарлықтай өсті;

– маркшейдерлік құралдардың басым көпшілігі тек қана дала емес, сонымен қатар камералдық жұмыстардың өнімділігін арттыруға қабілетті түрлі электрондық модульдермен жабдықтала бастады;

– жер асты тау-кен қазбаларында маркшейдерлік өлшеулерді орындауға арналған жабдық нарықтан іс жүзінде жоғалып кетті, бұл жалпы жер асты тау-кен өндіру саласындағы дағдарыстың бір көрінісі ретінде бағалауға болады;

Жаһандану дәуірі әлемдік нарықта маркшейдерлік аспаптардың 4 өндірушісі ғана қалды, олардың ассортименті мен бағасы өте ұқсас. Олар "Leica", "Topcon", "Trimble" және "Sokkia" транснациональдік корпорациялары болып табылады (26-сурет).



26-сурет Leica Viva TS15 G тахеометрінің көрінісі


Leica Viva TS15 G сервоприводтары бар инженерлік роботталған тахеометрлер желісі болып табылады. Viva TS15 G SD жад картасына арналған слот, USB қосқышы, WLAN және Bluetooth сияқты заманауи коммуникациялық



құрылғыларға ие. Барлық аспаптарда VGA (640 x 480) ажыратымдылығы бар түсті сенсорлы дисплей бар(27-сурет).

Мұндай дисплейдің және ондағы көрсетілген ақпараттың саны арқасында дала жұмыстарын жүргізу процесі тиімдірек және оңай болады.

Leica Viva TS15 G тахеометрлердің көру құбырының жоғарғы бөлігінде орналасқан және көрінбейтін жағдайларда, мысалы, тоннельдерде жұмыс істеуге арналған GUS74 мамандандырылған қондырмамен жабдықталған.



27-сурет Тахеометр интерфейсі;

*a) Функциональды батырмалары F7 - F9 b) Батырма ± c) Яркость d) Алфавитті-санды кнопкалары e) Пробел f) Дыбыс g) Функциональды батырмалары F10 - F12 h) Пернетақта жарықшасы i) экран моментті түсіруші j) Windows CE k) Таңдамалылар l) ESC m) Навигация, ОК n) Enter Fn p) ON/OFF q) бастапқы бет r) Функциональды батырмалары F1 - F6*

Электрондық тахеометрлер немесе тоталдық станциялар (Total station) - көлденең және тік жазықтықтарда сызықтар (бағыттар) арасындағы бұрыштарды, сондай-ақ сызықтардың ұзындығын өлшеуге арналған электрондық-оптикалық аспаптар.

Темір жолдарды биіктік түсіру рельс бастары бойынша геометриялық нивелирлеумен, сондай-ақ, егер бұл техникалық тапсырмада көзделсе, көлденең профильдерді нивелирлеумен орындалады. Абрис ретінде нивелирлеу пикеттері мен көлденең профильдердің орналасқан жері салынатын жол схемасы пайдаланылады.

Жолдарды биіктікке түсіру үшін салынатын нивелирлік жүріс немесе жүріс жүйесі кемінде екі бастапқы пунктке сүйенуі тиіс. Пикеттердің артуын рейканың екі жағы бойынша алады. Әрбір станциядан бақылау үшін басқа станциядан алынған бір-екі пикеттің биіктігін анықтайды.



28-сурет Leica NA320 нивелирі бейнесі

Leica NA 320-нақты алынған нәтижелермен кепілденген құрылыс алаңдарында өлшеу жұмыстарының үздіксіздігін қамтамасыз ететін заманауи аспап. Қос жүрістің километріндегі орташа квадраттық қателігі тек 2,5 мм құрайды (28-сурет )

Мамандар құрылыс алаңында көптеген кедергілерге тап болады. Кез келген күрделі көлденең есептер Leica NA300 сериясындағы нивелирді шешеді. Leica Geosystems белгілі құзыреттілігіне, ең жақсы сапа мен өнімділікті есептеңіз. Сіздің жағдайда, сіздің алаңда, Leica Geosystems және Leica NA300 сериясы нивелирлер кез келген уақытта дәл өлшеу үшін сіздің сенімді серіктестер.

Ұзына бойлық профиль қандай да бір рельстің басы бойынша, әдетте сол жақ, пикетаж бағыты бойынша және әрқашан сол жақ-километраж жүрісі бойынша нивелирленеді. Нивелирлік пикетаждың ішкі рельске өтуі қисық басталмас бұрын және аяқтағаннан кейін шамамен 50-70 м үшін, бірақ бағыттамалы аудармадан кейін жасалады. Қысқа тік кірістірмесі бар кері қисықтар кезінде тік кірістірменің ортасында бір қисықтан екіншісіне ауысады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, бұл дипломдық жобада “Алматы метро құрылысының” өтпелі тоннелдері жүру барысы, қаланың геологиясы және метро жүру технологиясы мен метро станциялары туралы ақпараттар келтірілген.

Қазіргі кезде Алматы метрополитені Қазақстандағы алғашқы, Орталық Азиядағы екінші (Ташкент метрополитенінен кейін) және ТМД-дағы 17 –ші метрополитен болды. 2012 жылы Алматы метросындағы жолаушылар ағымы орташа есеппен 30-40 мың адам болса қазіргі кезде одан 2 есе артқан.

Метрополитеннің жекеленген желілерін және құрылыс кезеңдерін нақты жобалау бекітілген басты даму схемасы негізінде жүргізіледі.

Геологиялық бөлімде Алматы қаласы жер асты геологиясының мінездемесі берілген. Техникалық бөлімінде метро тоннелдері жүру техникасы және метро станцияларының классификациясы айтылып өтілген. Жобаның негізгі бөлімінде метро құрылысын маркшейдерлік және геодезиялық қамтамасыз ету қарастырылған. Геодезиялық бөлімде метро құрылысында қазіргі таңда орындалып жатқан барлық геодезиялық жұмыстар қамтылған. Әрбір геодезиялық-маркшейдерлік жұмыс формула және сызбаларымен кең түрде ашып көрсетілген.

Метро құрылысында қазу және өту жұмыстары адамдар орналасқан үлкен қалаларда орындалатындықтан жер астына бастапқы өту жұмыстары өте маңызды жұмыс болып келеді. Метробекеттерінің жер астына өтуі кейбір жерлерде тік оқпан арқылы орындалса, кейбір жерлерде көлбеу оқпан өту арқылы орындалады. Алматы метро бекеттерінің көбісі көлбеу оқпан арқылы жер астымен байланысқан. Бұл жоба арнайы бөлімі осы Алматы метроларында көлбеу оқпан жүру кезіндегі маркшейдерлік жұмыстың орындалуы мен маңызы туралы ашық баяндалған.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Технический отчет о контрольных геодезическо-маркшейдерских работах на объектах: «Строительство первой очереди алматинского метрополитена». Главный маркшейдер ОАО «Алматыметрокурылыс» Абдуллаев Б.А. //Алматы, 2008. -4-49 б.
2. ВСН 160-69 Инструкция по геодезическим и маркшейдерским работам при строительстве транспортных тоннелей. Инструкцию разработали и составили: В.Г. Афанасьев, Б.И. Гойдышев, И.Ф. Демьянчик, В.А. Жилкин, В.Л. Калашников, М.М. Сандер, Е.Н. Соколов //Москва, 1970.-7-9 б.
3. Захаров Е.М. Научное обеспечение в строительстве подземных сооружений в Ленинграде // Подземное и шахтное строительство. 1991. № 1-12-14 б.
4. Тимченко А.М. Элементы уравнительных вычислений: учебное пособие для студентов // Москва, 2004.- 23-24 б.
5. Нұрпейісова М.Б., Рысбеков Қ.Б. Маркшейдерлік-геодезиялық аспаптар. Оқулық -Астана: Фолиант, 2013.-192 б.
6. Нұрпейісова М.Б., Низаметдинов Ф.К., Ипалақов Т.Т. Маркшейдерлік іс. –Алматы: КазНТУ, 2013.-300 б.
7. Правила по технике безопасности на топографо-геодезических работах Главное управление геодезии и картографии при Совете Министров СССР //М.: Недра, 1991.- 8-16 б.